

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. 1726 жылы Ресейден кіші жүз қазақтары үшін «қорғаушылық сұрауға» елшілікке Қойбағар Көбековты жіберген билеуші:

- A) Сәмеке сұлтан
- B) Абылай сұлтан
- C) Жолбарыс хан
- D) Әбілқайыр хан
- E) Болат хан

2. 1715-1716 жылы салынған әскери-инженерлік құрылыстар:

- A) Жәміш, Омбы
- B) Железинск, Семей
- C) Өскемен, Кереку
- D) Петропавл, Орынбор
- E) Ор, Тобыл

3. Третьяк Чебуков бастаған елшілік келген уақыт:

- A) 1594 ж.
- B) 1574 ж.
- C) 1569 ж.
- D) 1573 ж.
- E) 1587 ж.

4. Қазақ көшпелі қоғамында ақсүйектерге жатты:

- A) билер
- B) нояндар
- C) тархандар
- D) қожалар
- E) райаттар

5. Қазақ хандығы орнығып нығайған тұста Шығыс Дешті Қыпшақ үшін «сауда айлағы» болған қала:

- A) Сауран
- B) Сайрам
- C) Сығанақ
- D) Аққорған
- E) Құтжан

6. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан аумағында орналасқан әскери оқу орындарының саны:

- A) 12
- B) 54
- C) 36
- D) 27
- E) 42

7. Гитлершілдердің КСРО-ны «жаулау» жоспары бойынша құрылатын «индустриялық облыс» құрамына кіруі тиіс Қазақстан аумағы:

- A) Семей
- B) Орал
- C) Қарағанды
- D) Көкшетау
- E) Шымкент

8. 1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» деген айыппен қамауға алынған алашордалықтардың саны:

- A) 40
- B) 44
- C) 51
- D) 55
- E) 62

9. 1925 жылы Қазақ «Ауылдарын кеңестендіру» ұраны көтерілді:

- A) Ф.Голощекин тұсында
- B) С.Меңдешов тұсында
- C) Л.Мирзоян тұсында
- D) Ж.Шаяхметов тұсында
- E) Радус-Зенькович тұсында

10. Индустрияландыру жылдары білікті жұмысшы мамандар, инженер-техник қызметкерлер сырттан әкелінді:

- A) Литва мен Латвиядан
- B) Молдова мен Грузиядан
- C) Түркіменстан мен Әзербайжаннан
- D) Қырғызстан мен Тәжікстаннан
- E) Ресей мен Украинадан

11. Индустрияландыру жылдары Шымкентте ашылған кәсіпорын:

- A) Полиметалл комбинаты
- B) Мыс зауыты
- C) Химком-комбинат
- D) Қорғасын зауыты
- E) Аяқ киім фабрикасы

12. Индустрияландыру жылдарында, өнеркәсіп салаларын комплексті дамытуды, қазақ шаруаларын жұмысқа тартуды, шет аймақтарды жедел қарқынмен индустрияландыруды ұсынған қоғам қайраткері:

- A) О. Исаев
- B) Н. Нұрмақов
- C) С. Сәдуақасов
- D) Е. Ерназаров
- E) О. Жандосов

13. 1925 жылы желтоқсанда индустрияландыру бағытын жүзеге асыруды жариялаған:

- A) X съезд
- B) XIV съезд
- C) XI съезд
- D) XV съезд
- E) XX съезд

14. 1928 жылы тамызда қабылданып қазақ ауылдарына залал әкелген қаулы:

- A) ЖЭС-ке көшу жайлы
- B) Ұжымдастыруға көшу жайлы
- C) Индустрияландыруға көшу жайлы
- D) Бай шаруашылықтарын тәркілеу жайлы
- E) Қазақ ауылдарын кеңестендіру жайлы

15. Азамат соғысы жылдарындағы Солтүстік Жетісу майданы жойылды:

- A) 1918 жыл мамыр
- B) 1920 жыл наурыз
- C) 1919 жыл сәуір
- D) 1918 жыл маусым
- E) 1921 жыл сәуір

16. «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары - қазақтарға» үндеуі мен «Қазақтарға ұйымдасу қажет» тезистері қабылданды:

- A) Азамат соғысы қарсаңында
- B) I-ші дүниежүзілік соғыстан кейін
- C) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен кейін
- D) Ақпан революциясынан кейін
- E) Қазан революциясынан кейін

17. 1917 жылы Ақмола қаласында орналасқан жастар ұйымы:

- A) «Еркін дала»
- B) «Бірлік»
- C) «Жас қазақ»
- D) «Үміт»
- E) «Қазақ жастарының революцияшыл одағы»

18. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жайлы зерттеген отандық ғалым:

- A) М. Әбусейтова
- B) М. Қозыбаев
- C) Н. Масанов
- D) Г. Темиргалиев
- E) Б. Сүлейменов

19. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып жазалаушылардың қысымымен Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болған:

- A) Торғай көтерілісшілері
- B) Қарақұм көтерілісшілері
- C) Жетісу көтерілісшілері
- D) Маңғыстау көтерілісшілері
- E) Созақ көтерілісшілері

20. 1916 жылғы патша жарлығына байланысты, еңбек армиясына адам алу жөнінен асықпауға шақырып, алдын-ала дайындық шараларын жүргізу керектігін патша әкімшілігіне жеткізуге тырысты:

- A) А. Бірімжанов, П. Саликов, Т. Рысқұлов
- B) З. Тазетдинов, М. Тынышпаев, Б. Алманов
- C) Ә. Жангелдин, Т. Бокин, Ә. Әйтиев
- D) С. Сейфуллин, А. Бәрібаев, Ж. Мыңбаев
- E) А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Әлеуметтік мекемелердің жұмысын ұйымдастыру
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Халықтың жартылай әлеуметтік қорғауына мыналар жатқызылады:
 - A) мүгедектер- интернат үйлері
 - B) әлеуметтік қызмет көрсетудің территориялық орталықтары
 - C) үйде қызмет көрсетуге бағытталған әлеуметтік көмек орталықтары
 - D) әлеуметтік кереуеттер
 - E) қарттарға арналған интернат үйлері

2. Алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін барлық қажетті құралдарды қолдана отырып индивидтің өз көзқарасы үшін белсенді күресті сипаттайтын дау-жанжал стилі-бұл:
 - A) тайталас, бәсеке
 - B) қалыптасу, көнгіштік
 - C) ауытқу
 - D) ынтымақтастық
 - E) ымыраға келу

3. Халықты әлеуметтік қорғаудың басқару ұйымдары, кәсіби одақтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекет, қайырымдылық ұйымдары, діни конфессиялар, отбасы – бұлар:
 - A) әлеуметтік қорғау объектілері
 - B) әлеуметтік қорғау субъектілері
 - C) әлеуметтік қорғауды бағыттау
 - D) әлеуметтік қорғау жүйесі
 - E) әлеуметтік қорғау қызметкерлері

4. Ескертулер, сөгіс жариялау, қатал сөгіс жариялау мынадай әрекет ретінде қабылданады:
 - A) реттеушілік әсер ету
 - B) ұйымдастырушылық әсер ету
 - C) материалдық көтермелеу мен төлету
 - D) тәртіптік жауапкершілік
 - E) әкімшілік жауапкершілік

5. Кадрлық психодиагностикалау мыналарды анықтауға бағытталған:
 - A) еңбекті қорғау жағдайына
 - B) еңбек ету барысында тұлғаралық қатынас пен ықпал етуге
 - C) тұлғаға жеке тұрғыда мінездеме беру
 - D) кәсіби жарамдылығы мен табыстылығы бойынша
 - E) еңбек үрдісінің эргономиялық ерекшеліктеріне сай

6. Ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметін көрсету немесе оның қызметкерлері туралы ақпаратты растау үшін осы құжаттар құрылады. Аталған құжаттардың ішінде көп тараған құжаттар тобы болып жұмыс орны немесе оқу орнын растау үшін, лауазымдық қызметі мен жалақысы және т.б. анықтау үшін алынады және ол төмендегідей аталады

- A) Анықтама
- B) Хаттама
- C) Ереже
- D) Нұсқаулық
- E) Акт

7. Басқару персоналына жатқызылады:

- A) көмекші қызметкерлер
- B) маусымдық қызметкерлер
- C) кіші қызмет көрсетуші персонал
- D) жетекшілер, мамандар
- E) негізгі қызметкерлер

8. Жеке қызметкер мен ұжымның өмір сүру қабілетіне бағытталу – бұл ... болып табылады.

- A) ынталандыру
- B) себеп
- C) мәжбүрлеу
- D) қажеттілік
- E) өз әрекетінің дұрыстығын дәлелдеу

9. Кемшілік немесе жарақат салдарынан ағза мүшелері тұрақты өзгеріске ұшырап, денсаулық жағдайы бұзылып, өмір сүру қабілеті шектетіліп әлеуметтік қорғалуға мұқтаж болған тұлға:

- A) қарт адам
- B) ардагер
- C) сырқат адам
- D) мүгедек
- E) үлкен адам

10. Персоналды жұмысқа тартудағы ішкі көздер

- A) түрлі оқу орындары- мемлекеттік және мемлекеттік емес
- B) қызметкерлерді жалдау
- C) қолы бос тұрғындар
- D) кадрлық қор (резерв)
- E) шетелдік жұмыс күші

11. Өз бетімен жүріп-тұру, сөйлесу, қарым-қатынас орнату, тәртібін қадағалау, оқу және еңбек қызметі сияқты толық және жартылай қабілеті мен мүмкіндіктерінен айырылу:

- A) еңбекке қабілетсіздік
- B) әрекетке қабілетсіз
- C) тіршілік әрекетін шектеу
- D) сырқат
- E) жұмысқа қабілетсіздік

12. Жұмыс беруші мен интеллектуалды еңбекті сатып алушы немесе интеллектуалдық қызмет субъектілерінің өздері интеллектуалдық еңбекке бағаны қалыптастыру үшін өзара реттелетін қарым-қатынас:

- A) интеллектуалдық еңбек нарығы инфрақұрылымы
- B) қаржылық нарық инфрақұрылымы
- C) аграрлық биржалар
- D) кәсіпкерлікке қолдау көрсету қорлары
- E) интеллектуалдық еңбек иегерлері

13. Персонал менеджментінің қызметіне жатқызылмайтын басқару әрекеті

- A) есептерді құрастыру
- B) жоспарлау
- C) болжау
- D) ынталандыру
- E) ұйымдастыру

14. Әлеуметтік қызмет көрсетуден босату жүргізіледі:

- A) әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының бұйрығы бойынша
- B) әлеуметтік қорғаудың аудандық бөлімінің бұйрығы негізінде
- C) еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің бұйрығы бойынша
- D) территориялық орталықтың үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімі жетекшісінің бұйрығы негізінде
- E) әлеуметтік қорғаудың қалалық бөлімінің бұйрығы бойынша

15. Жұмысты кешенді бағалау-бұл:

- A) бақылау сұрақтары көмегімен кәсіби білімі мен қабілетін бағалау
- B) бақылау сұрақтарының көмегімен интеллект деңгейі мен әдеттерін, кәсіби білімін бағалау
- C) арнайы тест сұрақтарының көмегімен әрі қарай оның мәнін ашу арқылы кәсіби білімі мен дағдыларын анықтау
- D) өлшеу коэффициенттерінің көмегімен өткен мерзіммен салыстыра отырып жұмыстың күрделілігі мен тиімділігін, сапаның бағалық көрсеткіштерінің жиынтығын анықтау
- E) әлеуметтік сұрақтардың көмегімен интеллект деңгейі мен дағдыларын, кәсіби білімін бағалау

16. Қызметкердің лауазымына сай екендігін анықтау, оның артықшылықтары, жетістіктері, қабілеттері, жұмыс барысындағы тәртібі туралы пікір айту ... анықталады

- A) қызметкерді аттестациялауда
- B) кәсіби іріктеуде
- C) таңдап алу арқылы
- D) кәсіптік бағдар беруде
- E) кәсіби кеңес беруде

17. Қызметкерлердің тәртібі мен ережелері, сырт келбеті нормаларын, қызмет ету принциптері мен негізгі ережелерін қамтитын құжат

- A) бірлескен кодекс
- B) ұйымның миссиясы
- C) ұйым философиясы
- D) бірлескен мәдениет
- E) ұжымдық келісім-шарт

18. Кәсіпорында лауазымдық нұсқаулықтар мынадай мақсаттарға негізделіп дайындалады:

- A) кәсіпорынға қызметкерлер жалдау
- B) нақты бір лауазымға персонал іріктеу
- C) әрекет етуші заңнамаға сәйкес
- D) кәсіпорын қызметкерлерінің нақты жауапкершілігі мен құқықтарын, міндеттерін, біліктілік талаптарын анықтау
- E) кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жету

19. Қызметтік құжаттар ережеге сай стандартты бланкте құрастырылады, онда:

- A) тұрақты ақпарат қосылып, айнымалы ақпарат орны алшақтатылады
- B) айнымалы ақпарат қосылып, айнымалы ақпарат орны алшақтатылады.
- C) максималды белгілер жинағын ескере отырып тұрақты ақпараттар қосылады.
- D) айнымалы ақпарат минималды белгілер жинағын есепке ала отырып қосылады.
- E) тұрақты ақпарат қосылып минималды белгілер жинағының орны алшақтатылады.

20. Клиенттің рұқсатынсыз клиент туралы ақпаратты жария етпеуге құқылы болатын әлеуметтік қызметкердің этикалық принципі -бұл:

- A) құпиялылық
- B) эстетикалық
- C) көрегенділік
- D) қағидалылық
- E) эмпатия

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Персоналды басқару қызметінде жұмыс атқара алатын мамандар

- A) персонал менеджері
- B) кадрлық инноватор
- C) кадрлық технолог
- D) әлеуметтанушы
- E) еңбек бойынша экономист
- F) қоғаммен байланыс орнатушы маман

22. Еңбек келісім-шартының қажетті компоненті болып табылады:

- A) қызметкердің міндеттері
- B) әкімшіліктің міндеттері мен жауапкершілігі
- C) жұмыс уақытының тәртібі
- D) жалпы ережелер
- E) аттестацияның өткізілуі
- F) біліктілікті арттыру сертификаты

23. Персоналды бағалау мыналарға әсер етеді:

- A) кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту деңгейін диагностикалау
- B) жұмысқа қойылатын стандартты талаптарға сай жеке нәтижелерді салыстыру
- C) сапа стандартынан ауытқыған қызметкерлерді анықтау
- D) жетілу мен қызметін тиімді жүргізу перспективасын бағалау
- E) әлеуметтік төлемдерді арттыру
- F) өз еркімен жұмыстан босатылу

24. Кадрлық жоспарлауға жатқызылады:

- A) біліктілігі мен категориялары бойынша персонал санын анықтау
- B) қызметкерлерге деген қосымша қажеттіліктерді жоспарлау
- C) персоналды қысқартуды немесе қолдануды жоспарлау
- D) штаттық кестені өзгерту
- E) персоналды басқару тактикасын қалыптастыру
- F) ұжымдық келісім-шартты дайындау

25. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының объектілері

- A) еңбекке қабілетті халық
- B) еңбекке қабілетсіз халық
- C) халықтың аз қамтылуы
- D) қоғамдық ұйымдар
- E) қызметкерлердің бірлестігі
- F) жұмыс берушілердің бірлестігі
- G) мемлекеттік органдар

26. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша жергілікті атқарушы органдары келесідей шаралар қолданады:

- A) жалпы жұмыс орнынан екі пайыздан төрт пайызға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота тағайындау
- B) шағын және орта кәсіпкерлік және дамушы жеке кәсіпкерлік көмегімен мүгедектерге қосымша жұмыс орындарын құру
- C) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы, әлеуметтік жұмыс орындарын құру
- D) мүгедектерді кәсіби оқытуды ұйымдастыру
- E) жетекші мамандарға тренингтер ұйымдастыру
- F) қоғамдық шараларды ұйымдастыру

27. Қызметкерлердің квалификациясы – бұл мыналардың жиынтығы

- A) білімдерінің
- B) шеберліктерінің
- C) күзiреттiлiгiнiң
- D) теорияларының
- E) табандылықтың
- F) тәрбиенің

28. Құжаттар жұмысын ұйымдастыру тұрады:

- A) құжаттарды тіркеуден
- B) құжаттардың орындалуына бақылау жасаудан
- C) жүйелендіруден
- D) архивке құжаттарды жіберуге дайындаудан
- E) резолюциядан бас тартудан
- F) апостильба

29. Халықты жұмыспен қамту орталықтары өз еркімен кез келген тұрғылықты жерге ауысуға мүмкіндік береді

- A) жұмыс іздеп жүрген тұғаларға
- B) жұмыссыздарға
- C) өз бетімен жүргендерге
- D) жұмыс жасап жүргендерге
- E) қарапайым акция иегерлеріне
- F) жұмыстан босатылғаннан кейін 3 ай ішінде жұмысқа орналасқандарға

30. Жұмыс іздеп жүрген тұлғалар немесе жұмыссыз жүргендер арасынан өз бетімен тұрғылықты жерін ауыстыруға ерекше құқылы:

A) жетім балалар үйі-интернатының тәрбиеленушілері

B) Қазақстан Республикасының Үкіметімен арнайы аудандарға көшірілген оралмандар

C) жоғары, орта, техникалық, кәсіби білімі бар оқу орындарының түлектері

D) балалар үйінің түлектері

E) мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары

F) Орден, медальдар иегерлері

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Кәсіпорынның еңбек қызметін қайта ұйымдастыру кезінде қызметкерлердің бірнеше категориясы жұмыстан шығарылды. Олардың мамандықтары бірнеше жылдарға қарағанда маңызды болмады. Елдің, аймақтардың экономикалық, әлеуметтік дамуын болжау негізінде халықты жұмыспен қамтудың жергілікті атқарушы органдары халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын құрды. Аталған жағдайда жұмысқа орналасу үшін мынадай органдардың қызметінің бағыты болып саналатын кәсіптік оқытудан өту керек:

31. Кәсіптік оқыту жүргізіледі:

- A) білім беру мекемелерінде жұмыс берушілердің өтініштері негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке ала отырып
- B) білім беруге құқығы жоқ жұмыс берушілердің оқыту орталықтарында жұмыс берушілердің өтініші негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке ала отырып
- C) білім беру мекемелерінде жұмыс берушілердің өтініштері негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке алмай
- D) білім беруге құқығы жоқ жұмыс берушілердің оқыту орталықтарында жұмыс берушілердің өтініші негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке алмай
- E) білім беруге құқығы жоқ білім беру мекемелерінде жұмыс берушілердің өтініштері негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке ала отырып

32. Халықты жұмыспен қамту орталығы тарапынан кәсіптік оқытылуға жіберілген тұлғалар, өз еркімен, себепсіз оқытуды тоқтатқан жағдайда, қайтадан оқуға жіберіле алады:

- A) халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркеуден екі жыл өткеннен кейін
- B) халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркеуден бес жыл өткеннен кейін
- C) халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркеуден бір жыл өткеннен кейін
- D) халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркеуден үш жыл өткеннен кейін
- E) халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркеуден алты ай өткеннен кейін

33. Кәсіптік оқыту жұмысы жүргізіледі:

- A) жұмыс іздеп жүрген тұлғаларға
- B) аймақ бойынша табысы орташадан жоғары тұлғаларға
- C) жасы 18 ден аспаған 4-тен аса баласы бар отбасыларына
- D) кәсібі бойынша дайындық курсынан өткен тұлғаларға
- E) мемлекеттік органдарда жұмыс істеп жүргендерге

34. Кәсіптік оқытуға құқығы жоқ тұлғалар:

- A) мүгедектер
- B) мүгедек-балаларды тәрбиелеуші ата-аналар, асырап алушылар, қамқоршылар
- C) халықты жұмыспен қамту орталығында кем дегенде алты айдан артық есепте тұрған жұмыссыздар
- D) бірінші рет жұмыс іздеп жүрген (ешқандай жерде жұмыс істемеген) және біліктілігі жоқ тұлғалар
- E) мәжбүрлі емделу курсынан өткен немесе бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған тұлғалар

35. Кәсіптік оқыту халықты жұмыспен қамту орталығының бағыты бойынша жүргізілуі мүмкін, егерде:

- A) қажет етілген кәсіби біліктілігінің жоқ болуына байланысты сай келетін жұмыс орнын таба алмаса
- B) қосымша жұмыс орнына орналасу үшін кәсібін (мамандығын), қызметін ауыстыруы қажет болса
- C) бұрынғы жұмыс орны бойынша жұмыс атқару үшін қабілеті жоғалмаса
- D) кез-келген жұмыс орнын таңдау, тек ол жұмыс орны тұрғылықты жер бойынша жақын орналасу керек
- E) кез-келген жұмыс орнын таңдау, тек ол жұмыс орны тіркелген (прописка)жер бойынша жақын болу керек

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік мекемелер аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен арнайы кепілдемелі қосымша қызметтерді бюджеттегі ақша қаражаттарының есебінен тек қана, қатыгез қарау есебінен өмірде қиын жағдайларға, адам саудасы мен баспанасынан айырылу жағдайларында әлеуметтік қайта бейімдеу мен әлеуметтік депривацияға тап болған тұлғаларға көрсетеді. Арнайы әлеуметтік көмек –өмірдің қиын жағдайларына тап болған тұлғаға (отбасына) туындаған әлеуметтік мәселені шешу үшін және қоғамда басқа да азаматтармен өмір сүру мүмкіндігін теңестіру үшін жүргізілетін қызметтердің кешені. Астана қаласының бірнеше азаматы өз еріктерімен шеше алмайтын және олардың өмір сүруіне кедергі келтіретін қиын жағдайға тап болды.

36. Әлеуметтік көмек көрсету аумағында мемлекеттік саясаттың негізгі тапсырмаларына жатпайды:

- A) өмірде қиын жағдайлар туындаған жағдайда оны шешу жолдарын құру
- B) арнайы әлеуметтік көмектің кепілденген көлемімен қамтамасыз ету
- C) арнайы әлеуметтік көмек көрсетудің стандарттарын сақтамауын қамтамасыз ету
- D) көрсетілетін арнайы әлеуметтік көмектің сапасын бағалау мен мониторинг жүйесін дамыту
- E) арнайы әлеуметтік көмектің жүйесін дамытуды қамтамасыз ету

37. Арнайы әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігін бағалау мен анықтау критерийлеріне жатпайды:

- A) тіршілік әрекетінің шектелуі
- B) әлеуметтік қайта бейімдеу
- C) әлеуметтік депривация
- D) аз қамтылған әлеуметтік орта
- E) отбасының жоғары табысы

38. Арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілердің мыналарға құқығы жоқ:

- A) бюджеттік ақша қаражаттары есебінен жүргізілетін арнайы әлеуметтік көмекке қажеттілікті анықтау мен бағалауда, арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін байқауларға қатысуға
- B) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ақылы негізде ұсынуға
- C) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету қажеттілігін анықтау мен бағалау
- D) жергілікті атқарушы органдардан қажет етілетін арнайы әлеуметтік қызмет көрсету түрлері мен көлемі туралы ақпаратты сұратуға, алуға
- E) өз қызметтерін көрсетпей қалған бюджеттік ақша қаражаттарын иемдену

39. Өмірдің қиын жағдайларына тап болған тұлғаларға (отбасына) олардың өздері өтініш бермеген жағдайда арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін, себебін көрсете отырып келесі тұлғалар өтініш бере алады:

A) отбасының кәмелеттік жасқа толмаған мүшесінің бірі

B) қамқоршы (опекун, попечитель)

C) қала әкімі

D) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сай сенімхатсыз келген тұлға

E) өмірдің қиын жағдайына тап болған тұлғаға (отбасына) арнайы әлеуметтік көмек көрсетпейтін субъект

40. Келесідей негіздемелерге сай тұлға (отбасы) өмірдің қиын жағдайларына тап болған деп саналмайды:

A) жетім

B) ата-аналық қамқорлықтың болуы

C) кәмелеттік жасқа толмағандарға ата-ананың қарамауы, оның ішінде девианттық тәртіп

D) ерекше режимде білім беретін ұйымдарға түскен жасы кәмелеттік жасқа толмағандар

E) туғаннан үш жасқа дейін психофизикалық дамуында ерекше өзгешеліктер ерте байқалған балалар

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.